

2016 жылға сатып алынатын ауылшаруашылық өнімдерінің бірлігіне арналған субсидиялар нормативтерін бекіту туралы

Қостанай облысы әкімдігінің 2016 жылғы 24 наурыздағы № 129 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 7 сәуірде № 6259 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 26 қарашадағы № 3-2/615 "Өңдеуші кәсіпорындардың ауылшаруашылық өнімін тереңдете өңдеп өнім өндіруі үшін оны сатып алу шығындарын субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" бұйрығына сәйкес Қостанай облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған 2016 жылға сатып алынатын ауылшаруашылық өнімдерінің бірлігіне арналған субсидиялар нормативтері бекітілсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң кейін қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

А. Мұхамбетов

Әкімдіктің
2016 жылғы 24 наурыздағы
№ 129 қаулысымен бекітілген

Сатып алынатын ауылшаруашылық өнімдерінің бірлігіне арналған субсидиялар нормативтері

Ауылшаруашылық өнімнің атауы	Тереңдете өңделген өнімдердің атауы	Шикізатқа қайта есептелген субсидиялар нормативтері, теңге/литр (теңге/килограмм)
Сүт	Сары май	12,0
Сүт	Қатты ірімшік	20,0
Сүт	Құрғақ сүт	15,0